

Бюджет борыштары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қараша N 1442

Өзара бюджеттік берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Ертіс химия-металлургия зауыты" акционерлік қоғамының орталықтандырылған кредиттер бойынша жалпы сомасы 48 (қырық сегіз) млн. теңге берешегіне, оның ішінде директивалық кредит бойынша 18,4 (он сегіз миллион төрт жүз мың) теңгеге және "Ертіс химия-металлургия зауыты" акционерлік қоғамының конверсияға арналған шығыстарын қаржыландыру

бойынша республикалық бюджет берешегін өтеу есебіне республикаішілік есептеме нәтижесі бойынша берілген 29,6 млн, (жиырма тоғыз миллион алты жүз мың) теңгеге, осы соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсете отырып есптеме жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі